

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық терроршылдыққа және қылмыстың өзге де түрлеріне қарсы күрес жөніндегі бірлескен жұмыс тобын құру туралы КЕЛІСІМ

Келісім 2002 жылғы 3 маусым. Алматы қаласы. 2002 жылғы 3 маусыман бастап күшіне енді

(Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Тараптар" деп аталатындар),

Екі ел арасындағы тығыз достық қатынастарды ескере отырып; Терроршылдықтың таралу қаупін және оның бейбітшілікке, Мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен достық қатынастарға келтіретін залалды ықпалын және олардың егемендігі мен аумақтық тұтастығына тигізер ықтимал қатерін назарға ала отырып;

Терроршылдықтың барлық актілерінің, әдістері мен нысандарының алдын алу, жолын кесу және оларды бұлтарыссыз айыптау қажеттігін, сондай-ақ оның өмірге, меншікке, әлеуметтік-экономикалық дамуға, мемлекеттердің саяси тұрақтылығына, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке ықпалын мойындай отырып;

Халықаралық терроршылдыққа қарсы күресте мақсатқа жету олардың тиісті ішкі заңдары шеңберінде өзара ынтымақтастыққа жәрдемдесетінін түсіне отырып;

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің халықаралық терроршылдыққа қарсы күрес жөніндегі 2001 жылғы 28-қыркүйектегі 1373 қарарының маңыздылығы мен мақсаттарын тани отырып;

Мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап Мақсаттары

Тараптар мынадай мақсатта халықаралық терроршылдыққа, ұйымдасқан қылмысқа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Бірлескен Жұмыс Тобын құрады:

- халықаралық терроршылдыққа, ұйымдасқан қылмысқа және есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың өнімдерінің заңсыз айналымына қарсы күрес саласында тәжірибе алмасу;

- халықаралық терроршылдыққа, ұйымдасқан қылмысқа және есірткінің, психотроптық заттар мен олардың өнімдерінің, қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш және уландырғыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күреске көзқарастарды үйлестіру;

- Тараптардың аумақтарынан іс-әрекет жасай алатын немесе сол аумақтарды пайдалана алатын терроршылдық және ұйымдасқан қылмыс топтарының іс-әрекеттеріне және олардың байланыстарына қатысты ақпарат алмасу;
- терроршылдық топтар, оның ішінде Қазақстан мен Үндістанға қарсы бағытталған терроршылдық актілерді жоспарлауға немесе орындауға қатысқан тосқауыл топтар і с - ә р е к е т і н і ң ж о л ы н к е с у ;
- көрсетілген салаларда ынтымақтастық үшін институционалдық құрылым құру.

2-бап

Бірлескен Жұмыс Тобы мыналарды үйлестіретін болады:

- халықаралық терроршылдыққа қарсы күрестегі өзара ынтымақтастықты кеңейту тәсілдері мен құралдарын, оның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарары шеңберінде п ы с ы қ т а у ;
- терроршылдық іс-әрекеттерді қолдайтын және есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымымен шұғылданатын топтар арасындағы халықаралық байланыстарды анықтау;
- осы салада жедел ақпарат алмасу тетігін жетілдіру;
- өзара ынтымақтастықты, әсіресе мыналар арқылы кеңейту жөнінде ұсыныстар е н г і з у ;
- а) терроршылдарды және олардың серіктестерін іздеу, тұтқындау, экстрадициялау ж ә н е ж а з а л а у ;
- б) өзара техникалық көмек көрсету, соның ішінде, есірткі бизнесімен күрес саласына жұмылдырылған полиция/қауіпсіздік қызметі қызметкерлері мен персонал үшін тренингтер ұйымдастыруға өзара көмек көрсету, кәсіби тәжірибе алмасу;
- в) терроршылдық іс-әрекетке қатысқан адамдар мен ұйымдардың қаржы ресурстары ағымын анықтау, оның ізіне түсу және алдын алу:
 - халықаралық терроршылдыққа, ұйымдасқан қылмысқа және есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес саласындағы құқықтық іс-әрекеттерді жақсарту жөніндегі жолдарды зерделеу;
 - әуе кемелерін басып алудың жолын кесу кепілдікке алынғандарды босату және қорғалатын адамдарды қорғау саласында тәжірибе алмасу;
 - сол немесе өзге елде әрекет етіп жүрген терроршылдық ұйымдардың қару, жарылғыш заттар, радиоактивті және улағыш материалдарға еркін қол жетімділігіне жол бермеуге бағытталған бірлескен күш-жігер жұмсау;
 - осындай ұйымдардың, адамдардың немесе топтардың қаржы құралдарын жылыстатуының ізіне түсу және оны болдырмау;
 - БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тиісті қарарларын орындау мақсатында Ауғанстан және Орталық Азия аумағындағы Талибан қозғалысы, Аль-Каеда ұйымы немесе кез

келген басқа да терроршыл немесе ұйымдасқан қылмыстық топтардың іс-әрекеттерін қ а д а ғ а л а у ;

- Интерполмен ынтымақтастықты кеңейту жолдарын талқылау;
- Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша көрсетілген қылмыстардың түрлеріне қатысты кез келген басқа да мәселелерді қарау.

3-бап Көп жақты деңгейдегі ынтымақтастық

Бірлескен Жұмыс Тобы БҰҰ және басқа да мамандандырылған ұйымдардың шеңберінде терроршылдыққа қарсы ғаламдық күрес науқанына байланысты мәселелер бойынша ынтымақтастықты үйлестіру мен кеңейту бағытында жұмыс істейтін болады.

Екі Тарап Бірлескен топ шеңберінде осы саладағы маңызды оқиғалар туралы бір-біріне хабарлауға мүмкіндік жасайтын және жәрдемдесетін, Халықаралық терроршылдық жөніндегі тегіс қамтитын конвенцияны тездетіп қабылдау мақсатындағы күш-жігерді үйлестіретін болады.

4-бап Құрамы

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының құзыретті қазақстандық тарапының орталық органы болып т а б ы л а д ы .

Үндістан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Үндістан Республикасының құзыретті үнді тарапының орталық органы болып табылады.

5-бап Формат

Жұмыс тобы кемінде жылына бір рет өзара қолайлы мерзімдерде кездесетін болады . Кездесулер өткізу орны кезекпен Қазақстан Республикасы мен Үндістан Р е с п у б л и к а с ы б о л а д ы .

Жұмыс тобы жүргізілген жұмыста толық құпиялылықты сақтайтын болады.

Осы Келісімге сәйкес бір Тараптың табыс еткен кез келген құпия ақпаратын осы ақпаратты табыс еткен Тараптың алдын ала келісімінсіз үшінші тарапқа беруге немесе жариялауға болмайды.

6-бап Келісімге өзгерістер енгізу

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген Хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7-бап Қолданылу мерзімі

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және үш жыл ішінде қолданылады. Келісімнің оның қолданылу осы мерзімі аяқталғаннан кейін, егер Тараптардың біреуі басқа Тарапқа осы Келісімді тоқтату ниеті туралы оның қолданылу мерзімі аяқталуына кемінде алты ай қалғанда жазбаша нысанда хабардар етпесе, мерзімі осындай мерзімге ұзартылады.

2002 жылғы 3 маусымда Алматы қаласында әрқайсысы қазақ, хинди, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және барлық мәтіннің күші бірдей. Түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.

(Қолдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК